# Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесінің шешімдерін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 8 қаңтардағы N 24

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі қоса беріліп отырған шаралар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары өздеріне бекітіліп берілген шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Аграрлық сектордағы реформалар, аумақтық даму, қаржы және әлеуметтік реформалар бөлімдеріне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 8 қаңтардағы
N 24 қаулысымен
бекітілген

Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық
кеңесінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі
ШАРАЛАР

| N р/с | Шаралар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

1. Жекешелендіру процестерін аяқтау және меншік қатынастарын тереңдету

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген ұйымдастыру құқықтық нысанда. рына қайта ұйымдастыруды аяқтау жөнінде шаралар қабылдау | 1997 жылғы 1 сәуір |
| 2 | Қайта ұйымдастырылған барлық заңды тұлғаларды (АӨК жүйесі бойынша) Азаматтық кодекске сәйкес әділет органдарында қайта тіркеуден өткізу | 1997 жыл ішінде |
| 3 | Агроөнеркәсіп кешенінің қайта өңдеу және қызмет көрсету кәсіпорындарының мемлекеттік акциялар пакетін жеке және мемлекеттік емес, соның ішінде өндірісті инвестициялауға қабілетті шетелдік заңды тұлғаларға сатуды жүзеге асыру | 1997 жылғы 1 шілде |
| 4 | Саланың дәрменсіз кәсіпорындарының қызметін олардың жұмыс істеуге сәйкес. тілігіне тексеру, кейін санациялау, банкроттық немесе жою тетігін қолдану | 1997 жылдың аяғына дейін |
| 5 | Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқаруға немесе концессияға беру тәжірибесін кеңейту, бірлескен кәсіпорындар құру | жыл ішінде |

II. Жер қатынастарын дамыту мен жетілдіру

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Нарықтық жер айналымының құқықтық тетіктерін жасауды аяқтау жөнінде шаралар қабылдау: | |
| | жерді иеліктен алған кездегі зиянның, сон. | 1997 жылдың |

дай-ақ ауыл шаруашылығы және орман қаңтары
шаруашылығы өндірісі шығындарының орнын
толтырудың тәртібі мен мөлшері туралы
ережені әзірлеу

Қазақстан Республикасының жер қатынастарын жыл ішінде
реттеу жөніндегі кейбір заң актілеріне
қажетті өзгертулер мен толықтырулар
енгізілсін және күші жойылған деп танылсын

әзірлеу:
жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік 1997 жылғы
бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ақпан
ережелер

Қазақстан Республикасында жерге орналас. 1997 жылғы
тыруды жүргізу тәртібі туралы ережелер ақпан

ластанған және бүлінген жерлерді иеліктен 1997 жылғы
алу, қорғау және пайдалану тәртібі туралы наурыз
ережелер

7 Жерді пайдаланушылардың құқығын уақтылы жыл ішінде
бекітілуін және олардың тіркелуін қамтамасыз
ету, жер пайдалану құқығын азаматтық-
құқықтық мәміле (сатып алу-сату, кепілдеме,
сыйға беру және т.б.) негізінде жүзеге
асыру

8 Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі үшін жыл ішінде
жерді ұзақ мерзімді (99 жылға дейін)
жалға беруді кеңінен қолдану

III. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін
жекешелендіруден кейінгі қолдау

9 Азиялық Даму Банкі Қарызы екінші траншының 1997 жылдың
орташа және шағын бизнесті дамытуға арналған 1 тоқсаны,
50 (елу) млн. АҚШ доллары қаражатын пайда. жыл ішінде

| | | |
|---|---|---|
| | лану тетігінің тиімді жұмыс істеуін, қосымша жұмыс орнын құруды, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кредиттік серіктестіктер арқылы жекешелендіруден кейін қолдау және ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыру жүйесін құруды қамтамасыз ету | |
| 10 | Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкінің Қарызын және бюджеттің жерді суландыру мен дренаждау жүйесін жетілдіру жобасын жүзеге асыруға арнап қоса қаржылан. дыру тәртібімен көзделген 100 млн. АҚШ долларына бара-бар сомасындағы бюджет қаражатының ұтымды жұмсалуын қамтамасыз ету | жыл бойына |
| 11 | Агроөнеркәсіп секторында реформаны қолдау үшін халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаттарын, несиелік серіктестіктерді қалыптастыруға арналған техникалық көмекті қосымша тарту жөнінде шаралар қабылдау | 1997 жылдың I жарты жылдығы |
| 12 | Үкімет берген кепілдememен 114 млн. АҚШ доллары сомасына американдық кредит жүйесі бойынша сатып алынған "Джон-Дир" фирмасының астық жинау комбайндарын уақтылы беруді, оларды кейін бірлескен өндіріс құрумен қамтамасыз ету, облыстардың әкімдері, "Кең дала" акционерлік қоғамы осы техниканы тиімді пайдалануды және ол үшін уақтылы есеп айырысуды қамтамасыз етуі | -*- |

### IY. Ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландыру және несиелеудің тиімді тетігін жасау

| | | |
|---|---|---|
| 13 | Тауар өндірушілермен конкурс негізінде тікелей шарттар жасасу мүмкіндіктерін көздей отырып, мемлекеттік мұқтаждар үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін (астық) сатып | 1997 жылғы қаңтар |

| | | |
|---|---|---|
| | алудың 1997 жылға арналған тәртібін әзірлеу | |
| 14 | Мемлекеттік емес тауар өндірушілерді мүлік, жер учаскелері мен жер пайдалану құқығымен ипотекалық және вексельдік несиелеу жүйесіне көшіру. Несие серіктестіктерінің жарғылық қорына тиісті қызметтік ғимараттарды берудің мүмкіншілігін қарап, олардың жүйесін құру үшін жағдайлар жасау | жыл ішінде |
| 15 | Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылай қолдау қорында ресімделген орталықтандырылған және директивтік несиелерін негізгі борыштың 50 проценті мөлшерінде өтеу шартында олар бойынша берешегін қайта құрылымдау жөнінде шешім қабылдау | 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін |
| 16 | Ауыл шаруашылығына арналған жерлерді тиімді пайдалану үшін және кеңейтілген ұлғаймалы өндіріс үшін жағдайлар жасауға арналған ынталандырушы шара ретінде аграрлық секторда бірыңғай жиынтық жер салығын қамтамасыз ету | 1997 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап |

## Y. Нарықтық инфроқұрылым мен халықты әлеуметтік қорғау институттарын дамыту

| | | |
|---|---|---|
| 17 | Тауарлық биржалар желілерін, көтерме азық-түлік рыноктарын, кооперативтер мен басқа да нарықтық инфроқұрылым элементтерін дамыту үшін жағдай туғызу | жыл ішінде |
| 18 | Облыстарды азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз етуі мақсатында лизинг фьючерлік-форвардтық контрактілер, келісімдер мен консигнациялар негізінде аймақаралық және тікелей байланыстарды одан әрі дамытуға шаралар қолдану, осы мақсатта: | -*- |

мал қыстатуды, көктемгі - дала және жиын-
терін жұмыстарын жүргізу үшін тауар
өндірушілерді материалдық-техникалық
қамтамасыз етуді ұйымдастыру

азық-түлікпен облыстардың өзін-өзі
қамтамасыз етуі

19 Лизинг, прокат және сервистік пункттер жыл ішінде
жөніндегі ұйымдар желісін құру

20 Ауылшаруашылығы маркетингі қызметін дамыту - * -

21 Рынок жағдайларында нарық принциптері мен - * -
іс-қимылдарын меңгеру мақсатында барлық
жерлерде ауыл шаруашылығы тауарларын
өндірушілердің оқуын ұйымдастыру. Оң
тәжірибелерді кең насихаттау

22 Ауылдық жерлерде реформаларды тереңдету - * -
және әлеуметтік қорғау тетіктерін енгізу
халықты жұмыспен қамтамасыз етудің
маңызды факторы ретінде, ауыл тұрғында.
рының мүлік пен жерге меншіктік үлес
құқықтарын жүзеге асыру мәселелері бойынша,
халықтың арасында кең ауқымды түсінік
жұмыстарын ұйымдастыру

| Аяқтау нысаны | Орындауға және бақылауға жауаптылар |
|---|---|
| 4 | 5 |
| Ауыл шаруашылығы заңды тұлғаларын шаруашылық серіктестікке, өнді. рістік кооперативтерге, шаруа (фермерлік) қожалықтарын қайта | Жергілікті атқарушы органдар, Ауылшармині, Әділетмині, Меммүліккомы, Жекешелендірумемкомы |

ұйымдастыру ---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Қайта тіркеу актілері Жергілікті атқарушы органдар,
Әділетмині, Ауылшармині
---------------------------------
Заң бөлімі, аграрлық сектордағы
реформалар бөлімі

Контрактілер, шарттар Меммүлікком, Жекешелендірумемкомы,
Ауылшармині, Экономмині, Қаржымині,
Меминвестком
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Санациялау және банкроттық Экономмині, Ауылшармині,
жөніндегі комиссияның Қазақстан Қаржымині
Республикасының Медетші банкімен ---------------------------------
бірлескен ұсынысы Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Контрактілер, шарттар Ауылшармині, Меммүлікком,
Жекешелендірумемкомы,
Әділетмині, Меминвестком
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі, заң бөлімі

Үкімет қаулысы Мемжерком, Ауылшармині, Қаржымині,
Экономмині, Баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі мемкомитет,
Әділетмині
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Заң жобалары Мемжерком, Қаржымині, Экономмині,

Құрылысмині, Әділетмині
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Үкімет қаулысы Мемжерком, Экобиоресурсмині,
Құрылысмині, Ауылшармині,
Қаржымині, Экономмині,
Әділетмині
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Бұл да Мемжерком, Ауылшармині, Қаржымині,
Экономмині, Әділетмині
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Бұл да Мемжерком, Экобиоресурсмині,
Ауылшармині, Қаржымині,
Экономмині, Әділетмині
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Жер учаскесіне меншік құқығын Жергілікті атқару органдары,
беретін актілер, тұрақты жер Мемжерком, Ауылшармині
пайдалану құқығы, шарттар ---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
аумақтық даму бөлімдері

Шарттар Жергілікті атқарушы органдар,
Мемжерком
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
аумақтық даму бөлімдері

АДБ жөніндегі Ведомствоаралық Ауылшармині, Қаржымині, Сыртқы

кеңестің шешімі қарыз жөніндегі комитет,
облыстардың әкімдері
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
қаржы және әлеуметтік реформалар
бөлімі

Ведомствоаралық үйлестіру Ауылшармині, Суресурскомы,
кеңесінің шешімі Қаржымині, Сыртқы қарыз жөніндегі
комитет, Облыстардың әкімдері
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
қаржы және әлеуметтік реформалар
бөлімі

Келісімдер, Үкімет қаулысы, Ауылшармині, Экономмині,
шарттар Қаржымині, Сыртқы қарыз жөніндегі
комитет, Меминвестком
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
қаржы және әлеуметтік реформалар
бөлімі

Беруді және есеп айырысуды Ауылшармині, "Кең дала" АҚ,
практикалық жүзеге асыру облыстардың әкімдері
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

Үкімет актісі Ауылшармині, Қаржымині, Экономмині,
Баға және монополияға қарсы саясат
жөніндегі мемкомитет,
Мемазықтүлік корпорациясы
---------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
қаржы және әлеуметтік реформалар
бөлімдері

Ұсынымдар, нормативтік актілер Облыстардың әкімдері, Ауылшармині,

Экономмині, Қаржымині, Мемжеркомы,
Меммүліккомы, Ұлттық Банк
(келісім бойынша)
----------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
аумақтық даму бөлімдері

Үкімет қаулысы          Қаржымині, ауылшармині, Ауыл
шаруашылығын мемлекеттік
қаржылай қолдау қоры
----------------------------------
Қаржы және әлеуметтік реформалар,
аграрлық сектордағы реформалар
бөлімдері

Ұсынымдар          Мемлекеттік салық комитеті,
Мемжеркомы, Ауылшармині, Қаржымині
-----------------------------------
Қаржы және әлеуметтік реформалар
бөлімі

Әзірленген ұсынымдарды практика.   Жергілікті атқарушы органдар,
лық жүзеге асыру          Ауылшармині, Суресурскомы,
Қазтұтынуодағы
----------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
аумақтық даму бөлімдері

Жергілікті жерлерде практикалық    Жергілікті атқарушы органдар,
жүзеге асыру          Ауылшармині, Өнеркәсіпсаудамині,
Мұнайгазмині, Энергиякөмірмині
----------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар,
аумақтық даму бөлімдері

Жергілікті жерлерде практикалық    Ауылшармині, Әділетмині
жүзеге асыру          ----------------------------------
Аграрлық сектордағы реформалар
бөлімі

| | | |
|---|---|---|
| Ұсынымдар | | Ауылшармині, облыстар әкімдері<br>---------------------------------<br>Аграрлық сектордағы реформалар бөлімі |
| Жергілікті жерлерде практикалық жүзеге асыру | | Жергілікті атқарушы органдар, Ауылшармині, Ғылыммині-Ғылым академиясы<br>---------------------------------<br>Аграрлық сектордағы реформалар, аумақтық даму бөлімдері |
| - * - | | Жергілікті атқарушы органдар, Ауылшармині, Еңбек және әлеуметмині, Меммүліккомы, Жекешелендірумемкомы, Мемжеркомы<br>---------------------------------<br>Аграрлық сектордағы реформалар, қаржы және әлеуметтік реформалар, аумақтық даму бөлімдері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК